

Келісілді «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі»АҚ _____ Каталин Раду	Бекітілді «Халықаралық Алматы әуежайы»АҚ _____ Алып Эр Тунга Эрсой
---	--



Алматы қаласының әуежайында жерде қызмет көрсету қызметтерін берушіні іріктеу жөніндегі конкурстық құжаттамаға

Техникалық сипаттама

Жалпы ақпарат

1. Осы техникалық сипаттама «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 65-бабына, ҚР Инвестициялар және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 02 қазандағы №750 бұйрығына сәйкес әзірлеген және әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлақтық және жердегі қызмет көрсету тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) тізбесіне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Бәсекелестік ортаға берілетін жердегі қызмет көрсету қызметтерінің тізбесі:

р/с№№	Бөлімнің атауы	Қызметтің атауы
1	Жолаушыларға қызмет көрсету	Жолаушыларды тіркеу: 1) Жолаушыларды рейске тіркеу; 2) Багажды өлшеу және ресімдеу; 3) нормативтен тыс багажды ресімдеу; 4) бос орындардың болуын анықтау; 5) жолаушыларды тіркеу ведомостарын және багаж ведомостарын жасау; 6) тиеуді бақылау мақсатында жолаушылардың саны және оларды әуе кемесіне отырғызу жөнінде ақпарат ұсыну; МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ: бұл конкурстың периметріне жайлылығы жоғары залдардан ұшатын жолаушыларды тіркеу қызметі мен процестері ғана кіреді (VIP/CIP)

ЕСКЕРТУ: Келісілген құжат әуежайды пайдаланушының келісілген басшылық құжаты болған жағдайда жарамды

2. Әлеуетті жеткізушіде Алматы қаласының әуежайынан ұшатын жолаушыларға үздіксіз қызмет көрсету үшін жеткілікті білікті персонал болуы тиіс.

3. Әлеуетті жеткізуші өз есебінен уәкілетті арнаулы органдар арқылы персоналдың жеке басын растаудың барлық рәсімдерінен өтіп, әуежайдың бақыланатын аймағына рұқсат алады, сондай-ақ өз есебінен өз қызметкерлерін оқытады, сонымен қатар авиациялық қауіпсіздік бойынша оқуларды да оқытады.

4. Әлеуетті жеткізуші көрсетілетін қызметтердің сапасына тәуелсіз бақылау жүргізеді және тоқсанына кемінде бір рет немесе әуежайдың сұрауы бойынша quality.ala@tav.aero электрондық пошта мекенжайына рейстің дәлдігі және багажды жеткізу уақыты туралы есептер (бірінші/соңғы жеткізу)жібереді

5. Әлеуетті жеткізуші әуежаймен жерде қызмет көрсету және орталықтандырылған инфрақұрылымды пайдалану бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасады.

Жалпы талаптар

6. Қызметтерді жеткізуші «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әуежайды пайдаланушы белгілеген нормаларды сақтауға міндетті.

7. Қызметтерді жеткізуші қызмет көрсету процесінде сапа стандарттарын сақтауға және операциялық қызметте келесі құжаттарды басшылыққа алуға тиіс:

ҚР 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы	Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы
21.05.2013ж. ҚР № 94-V Заңы	Дербес деректер және оларды қорғау туралы
ҚР 2000жылғы 07 маусымдағы N 53-II Заңы	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы
Қазақстан Республикасы Инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №540 бұйрығы	Әуе көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а 2015 жылғы 24 ақпандағы № 189 бұйрығы.	Қазақстан Республикасының әуежайларында жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

ЕСКЕРТУ: Келісілген құжат әуежайды пайдаланушының келісілген басшылық құжаты болған жағдайда жарамды

	Ground Operations Manual
	Airport Handling Manual
	Baggage Reference Manual

Ұйымдастыру мен басқаруға қойылатын талаптар

8. Әлеуетті жеткізушінің авиациялық қауіпсіздікті және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның жоғары басшылығының тікелей жауапкершілігінің болуын, сондай-ақ оны бүкіл ұйым шеңберінде бөлу мен үйлестіруді, жердегі қызметін қамтамасыз ету үшін жеткілікті өндірістік және адами ресурстардың болуын қамтамасыз ететін басқару жүйесі болуға тиіс.

9. Әлеуетті жеткізушінің жоспарланған және/немесе бекітілген ұйымдық құрылымы және жеткізушінің штат кестесі болуы керек.

10. Әлеуетті жеткізушінің басшылары мен жерде қызмет көрсету процестеріне тартылған персонал өндірістік процестерді реттейтін басшылық құжаттармен, нұсқаулықтармен және технологиялық құжаттармен танысуға тиіс.

11. Әлеуетті жеткізуші авиакомпанияның талаптарына, IATA SGHA, SLA - ға және әуежайды пайдаланушының стандарттарына сәйкес жерде қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

Жерде қызмет көрсету жөніндегі ұйымның персоналына қойылатын талаптар және оны дайындау

12. Әлеуетті жеткізушінің қызметкерлері оқудан өту керек және мына тіркеу жүйелеріне қол жеткізуі керек: Khavatek, Hitit, I-Port, Altea, Astra, Troy, Sabre, Gow Naw, Sprint.

13. Әлеуетті жеткізуші өз қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс көлемін орындау үшін жеткілікті мөлшерде, бірақ 19 (он тоғыз) қызметкерден кем болмауға тиіс қажетті әкімшілік, басшылық және өндірістік (жердегі) персоналмен қамтылу керек.

14. Әлеуетті жеткізуші занамалық талаптар болған жағдайда, АНМ 1110 немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласындағы ұйымы сертификаттаған оқу орталығында шарт жасасқан сәттен бастап кемінде он күн мерзімде тіркеу бойынша персоналды іріктеуді және оқытуды қамтамасыз етеді.

15. Әлеуетті жеткізушінің ұйымында персоналды оқыту және біліктілігін арттыру процестерін үйлестіруді жүзеге асыратын оқыту және біліктілікті арттыру жөніндегі жауапты маман болуға тиіс.

16. Әлеуетті жеткізушінің ұйымында қызмет көрсету процесіне тартылған персоналды оқытудың, біліктілігін арттырудың жылдық Жоспары әзірленуге және оның орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

17. Жолаушыларды тіркеу және бағажды ресімдеу жөніндегі өзінің

лауазымдық міндеттерін орындайтын барлық персонал қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажетті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Жерде қызмет көрсету жөніндегі ұйымның қызметін ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

17. Әлеуетті жеткізушіде ішкі және сыртқы құжаттаманы, сондай-ақ қызмет көрсету кезінде тікелей пайдаланылатын деректерді басқару және бақылау жүйесі болуы керек.

18. Әлеуетті жеткізуші өз иелігінде мыналарды қамтитын құжаттама жиынтығына ие болу керек:

- 1) осы техникалық сипаттаманың 8-тармағына сәйкес азаматтық авиация саласындағы ҚР Заңнамасы;
- 2) жалпы және өкімдік сипаттағы құжаттар, лауазымдық және технологиялық нұсқаулықтар (карталар), қызмет көрсету регламенті;

Инфрақұрылымға қойылатын талаптар:

19. Жұмыс орындары ұйымдастырушылық және компьютерлік техникамен жабдықталуы керек және еңбекті қорғауды, өртке қарсы қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

20. Өндірістік орта жүргізіліп жатқан жұмыстарға сәйкес келуі керек және қызметкерлерге жұмыстарды тиімді орындауға мүмкіндік беруі керек.

21. Әуежай жүйесіне қосылу мүмкіндігі бар коммуникациялар (әуежай жүйесіне қосылу мүмкіндігі бар телефон байланысы, портативті радиостанциялар).



Бекітемін
«Халықаралық Алматы
Әуежайы» АҚ
Президенті

Алып Эр Тунга Эрсой

03 тамыз 2023 жыл

№2 Лот бойынша конкурстық құжаттама

Іріктеу жөніндегі құжаттама Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 02 қазандағы № 750 бұйрығымен бекітілген Әуежайларда жерде қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес әзірленді.

1. Жалпы мәліметтер

Әуежайды пайдаланушы	«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ
Әуежай пайдаланушысының орналасқан жері	Қазақстан, Алматы қ., Майлин, 2
Қызметтердің қысқаша сипаттамасы	Жолаушыларды тіркеу: 1) Жолаушыларды рейске тіркеу; 2) Бағажды өлшеу және ресімдеу; 3) нормативтен тыс бағажды ресімдеу; 4) бос орындардың болуын анықтау; 5) жолаушыларды тіркеу ведомостарын және бағаж ведомостарын жасау; 6) тиеуді бақылау мақсатында жолаушылардың саны және оларды әуе кемесіне отырғызу жөнінде ақпарат ұсыну; МАҢЫЗДЫ: конкурстың мәні болып табылатын қызметтердің толық сипаттамасы осы конкурстық құжаттамаға берілген техникалық ерекшелікте келтірілген.
Техникалық сипаттама	1-қосымша
Конкурса қатысушыларды бағалау критерийлері	2-қосымша
Шарттың қолданылу мерзімі	6 жыл МАҢЫЗДЫ: Жеткізуші шарттық міндеттемелерді орындауға жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуге шарт жасалған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей кірісуге тиіс. Ескерту: қажет болған жағдайда конкурстық құжаттамаға қоса берілген шарттың жобасын шарт тараптары қайта қарауы мүмкін
Қаржылық шарттар	5 000 000 теңге, ҚҚС-есебінсіз, аясайын, ҚҚС-ты қоспағанда.
Жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт	4-қосымша
Жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуге өтінім	5-қосымша

2. Іріктеуді өткізу мерзімдері

Өтінімдерді қабылдаудың басталу күні	04 тамыз 2023 жыл
Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні	03 қазан 2023 жыл, Астана уақыты бойынша сағат 08:30
Өтінімдерді қабылдау және тіркеу орны	Алматы қ., Майлин көшесі, 2
Өтінімдерді ашу күні, уақыты және орны	03 қазан 2023жыл, Астана уақыты бойынша сағат 10:00.
Қорытындылау күні	Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді ашқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындылары туралы шешім қабылдайды.

3. Әлеуетті жеткізушілерге қойылатын талаптар

3.1. Конкурсқа жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) қатыса алады, бұл ретте консорциум келісімінің қолданылу мерзімі жерде қызмет көрсету қызметтерін ұсынуға арналған шарттың қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

3.2. Конкурсқа қатысатын әлеуетті жеткізушінің өтініміне құжаттардың мынадай көшірмелері (ақпарат)қоса беріледі:

- 1) заңды тұлға үшін-атауы,сауда тізіліміндегі тіркеу нөмірі, заңды мекенжайы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы, байланысатын тұлғаның телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы;
- 2) жеке кәсіпкер үшін-аты, тегі, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы;
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы талонмен/хабарламамен не жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен және жеке кәсіпкерлер үшін жеке куәлікпен, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтын, әлеуетті жеткізушінің резиденттік елінің уәкілетті мемлекеттік органдары ұсыну үшін ресімдеген өзге де құжаттармен Қазақстан Республикасының аумағында ресми мақсаттарда. Қажет болған жағдайда мұндай құжаттардың мемлекеттік/орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы, сондай-ақ консулдық заңдастыру немесе апостиль болуы тиіс.
- 4) әуежайдың техникалық сипаттамасына сәйкес құжаттар;
- 5) жер бетінде кемінде 5 000 000 (бес миллион) теңге сомасына қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғалар алдындағы зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі.

Ұйымдық құрылым және кадр саясаты:

- 6) әлеуетті жеткізушінің қолданыстағы ұйымдық құрылымы және жаңа ұйымдық құрылымының жобасы;
- 7) әлеуетті жеткізушінің қолданыстағы штат кестесі;
- 8) авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларының талаптары орындалған жағдайда Уәкілетті ұйым немесе азаматтық авиация ұйымы сертификаттаған оқу орталығы берген үлгілік бағдарламалардың және IATA АНМ 1110 талаптарына жауап беретін оқытудан өткен кемінде 5 (бес) қызметкердің болуын растайтын құжаттар;
- 9) жерде қызмет көрсету процесіне тартылған персоналды оқыту мен біліктілігін арттырудың бекітілген жылдық жоспары;
- 10) авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларына (ҚР ИИДМ 24.02.2015 жылғы № 159 бұйрығы) және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын

авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларына (ҚР КжКМ 28.09.2013 жылғы №764 бұйрығы) сәйкес персоналды даярлау, біліктілігін арттыру және жерге қызмет көрсету бойынша жұмысқа жіберу жөніндегі жоспарды қамтитын кадр саясаты;

Материалдық ресурстар:

- 11) АТ және деректерді өңдеу үшін пайдаланылатын құралдардың сипаттамасы, сондай-ақ қажетті интерфейстер туралы және әлеуетті жеткізушінің жүйелері әуежайды пайдаланушы жүйелерімен қалай өзара іс-қимыл жасайтыны туралы егжей-тегжейлі мәліметтер;
- 12) қызмет көрсету үшін қажетті негізгі құралдардың меншік немесе жалға алу құқығында болуын растау;

Корпоративтік қауіпсіздік:

- 13) Алматы әуежайының авариялық жоспарының негізінде әзірлеген, бекітілген авариялық жоспар және ақаулық жағдайға әрекет ету жоспары;

Жерде қызмет көрсету жөніндегі ұйымның қызметін ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету

- 14) жолаушыларды тіркеу жөніндегі басшылық, қолданыста бар лауазымдарға бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;

Қызмет көрсету сапасы жүйесі:

- 15) сапа менеджменті жүйесінің сертификаты не сапа саласындағы саясат, сапа жөніндегі басшылық (не сапа менеджменті жүйесін сипаттайтын құжатталған ақпарат), сондай-ақ сапа менеджменті жүйесіне жауапты қызметкердің біліктілігін растайтын құжаттар;

Компанияның қаржылық тұрақтылығы:

- 16) қаржы ресурстарын растау: конкурстық құжаттамада талап етілетін қажетті қаржы ресурстарының болуын растайтын әлеуетті жеткізушінің депозиттік шотынан үзінді көшірме немесе конкурстық құжаттамада талап етілетін қаржы ресурстарының болуын растайтын банктен өзге құжат.
- 17) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы 3 (үш) айдан астам уақыт ішінде банк (банктер) алдындағы мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы Банктің (банктердің) анықтамасы (егер әлеуетті жеткізуші бірнеше Екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, осы анықтама осы банктердің әр-қайсысынан ұсынылады) банктің (банктердің) мөрімен бірінші басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолы қойылған. Анықтама Қоғамның веб-сайтында іріктеу туралы хабарландыру орналастырылған күннен ерте берілмеуге тиіс;
- 18) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күнге дейін 3 (үш) айдан ерте емес берілген электрондық құжаттың қағаз көшірмесі немесе салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтердің көшірмесі;

4. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау, бағалау

- 4.1. Конкурстық өтінімді әлеуетті жеткізуші немесе сенімхат бойынша оның мүдделерін білдіретін тұлға мөрленген конвертте қағаз жеткізгіште ұсынады. Қағаз жеткізгіштегі өтінім тігілуі, оның беттері нөмірленуі, құжаттардың тігілген жеріндегі соңғы беттің айналымы әлеуетті жеткізушінің қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылуы тиіс. Құжаттарда бос жолдарды, өшірулерді, түзетулерді және жазбаларды енгізуге жол берілмейді.
- 4.2. Мөрленген конверттің алдыңғы жағында әлеуетті жеткізуші мыналарды

көрсетеді:

- 1) лоттың номері мен атауы;
 - 2) әлеуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық мекенжайы;
 - 3) әуежай пайдаланушысының толық атауы. Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді даярлауға байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді.
- 4.3. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім ашылмайды және әлеуетті жеткізушіге қайтарылады.
- 4.4. Конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алуға жол берілмейді.
- 4.5. Әлеуетті жеткізушілердің өкілдерінде конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде мүдделерін білдіру үшін құжаттамалық ресімделген өкілеттіктері болу керек.
- 4.6. Егер отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, конкурстық комиссияның отырысы заңды деп есептеледі.
- 4.7. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Комиссияны комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады.
- 4.8. Конкурстық өтінімі бар әрбір конвертті ашқан кезде комиссия конкурстық өтінімдегі құжаттардың тізбесін жариялайды. Конкурстық өтінімді ашқан сәттен бастап комиссия әлеуетті жеткізушінің ұсынылған конкурстық өтінімін және оған қоса берілетін құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде толықтығы мен дұрыстығына қарайды.
- 4.9. Ұсынылған құжаттар Қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушіні конкурсқа қатысуға жібереді.
- 4.10. Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушіден де, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан да қосымша материалдарды, түсіндірмелерді және растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.
- 4.11. Комиссия әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін келесі жағдайларда қабылдамайды және қайтарады:
- 1) жеткізуші әуежайды пайдаланушы нұсқаулығында тиісті қызмет көрсету үшін қажетті бөлікте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;
 - 2) жеткізушінің өтінімі және оған қоса берілетін құжаттар Қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;
 - 3) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса;
 - 4) әуежай инфрақұрылымының техникалық мүмкіндігінің шектелуі.
- 4.12. Конкурстық комиссия қабылдамаған конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.
- 4.13. Комиссия конкурс қорытындыларын комиссия мүшелері мен комиссия хатшысы қол қоятын конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдей отырып, конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шығарады.
- 4.14. Конкурс қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған жердегі қызмет көрсетуші жеңімпаз болып танылады. Бұл ретте жеңімпаз үшін ең төменгі шекті мән 70 (жетпіс) баллды құрайды. Конкурсты өткізу кезінде әуежайдың техникалық мүмкіндігіне қарай конкурстың біреуден артық жеңімпазын айқындауға жол беріледі.
- 4.15. Әуежайды пайдаланушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей әуежайды пайдаланушының интернет-ресурсында конкурс қорытындылары туралы қол қойылған хаттаманың мәтінін жариялайды. Әуежайды пайдаланушы конкурс

- қорытындылары туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде конкурс жеңімпазымен 6 (алты) жыл мерзімге тиісті шарт жасасады.
- 4.16. Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді дайындауға байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді.
- 4.17. Әлеуетті жеткізуші және оның үлестес тұлғасы бір лот бойынша конкурсқа қатыспайды.
- 4.18. Әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Конкурстық өтінімді кері қайтарып алу әуежайды пайдаланушының атына еркін нысанда жазбаша өтініш түрінде ресімделеді. Өздерінің конкурстық өтінімдерін кері қайтарып алған әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайта бере алады. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.
- 4.19. Жеңімпаз әуежай пайдаланушысының өкілдерімен алдын ала кездесуге қатысады, Шарт талаптарын нақтылау үшін оған қажетті мәліметтерді алады.
- 4.20. Жеңімпазға әуежай аумағында белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, көру үшін алаңға бару мүмкіндігі беріледі. Жеңімпаз әуежай аумағына өтуге байланысты барлық шығындарды өзі көтереді.

Бағалау критерийлері

№	Атауы	Баллдар саны
1	Ұйымдастыру құрылымы, кадр саясаты (жерде қызмет көрсету жөніндегі ұйымның персоналы және оны дайындау)	10
2	Материалдық ресурстар (техника, жабдықтар, компанияның инфрақұрылымдық талаптары)	20
3	Корпоративтік қауіпсіздік (SMS)	30
4	Жерде қызмет көрсету жөніндегі ұйымның қызметін ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету	10
5	Қызмет көрсету сапасы жүйесі	20
6	Компанияның қаржылық тұрақтылығы	10
БАРЛЫҒЫ МАКСИМАЛДЫ БАЛЛ САНЫ		100

Бағалау парағындағы комиссияның әрбір мүшесі әрбір критерий бойынша әлеуетті жеткізушіге баллды көрсетеді. Конкурстық комиссия барлық критерийлер бойынша қойған балдар жинақталады және әрбір бөлім бойынша орташа балл шығарылады. Балдарды есептеу нәтижелері бойынша әлеуетті жеткізушіге оның конкурстық өтініміне балдармен көрсетілген қорытынды баға қойылады. Конкурс қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған жерде қызмет көрсетуші жеңімпаз болып танылады. Бұл ретте жеңімпаз үшін ең төменгі шекті мән 70 (жетпіс) баллды құрайды. Конкурсты өткізу кезінде әуежайдың техникалық мүмкіндігіне қарай конкурстың біреуден артық жеңімпазын айқындауға жол беріледі.